

арасында қызыл от, адамдардың көңіліне қорқыныш орнатқан алып қызыл қос баған жоқ болды. Автор қасиетті Қос Ағаштың құлдырау үрдісін де грациямен береді. Әңгіменің сюжеттік құрылымын шиленістіру арқылы ауыл маңындағы алдыңнан асқар таудай менмұндалап тұратын Қос Ағаштың жоқтығы кейіпкеріне қаншалықты ауыр тигендігін психологиялық талдау жасай отырып суреттеген. Шегініс жасау арқылы әңгіменің ішіндегі әңгіме шертіліп, Қос Ағаштың жоқ болу себебі кейіпкер ойымен қорытылып, түйінделіп отырады. Байқап отырғанымыздай, Мұхтар Мағауиннің «Қос ағаш» әңгімесінің лирикалық-символикалық пішіні де осы тұста ашылады.

Қорыта келгенде, автордың айтпағы – ежелгі ата-баба қастерлеген құндылықтардың бағасын, парқын білу. Табиғат пен адам бірлігін, тұтастығын сақтаған алғашқы адам сезімінің артықшылықтарын алға тарту әрі бүгінгі рухани дағдарыс тұсындағы ұрпаққа өнегелі тұстарын үлгі ету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мағауин М. Құмырсқа-қырғын. Әңгімелер кітабы. - Астана: Аударма, 2004. – 352б.
2. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. Жетінші том. - Алматы: Қағанат – ГМО баспасы, 2002. – 371б.
3. Тұрсын Ж. Мұхтардың «Қос ағашы». 2011. - Minber.kz
4. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 2008. – 5-т.- 17 б.

ӘОЖ 1751

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «СӨЗ» КЕҢІСТІГІ

Жұмабекова Ақерке Дәуренқызы

akerke_zhumabekova.00@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.М.Байтанасова (ф.ғ.к., профессор)

Поэзия – өнердің ерекше түрі. Ол адамның ойы мен сезімін біріктіреді. Ақынның терең, дербес ой-сезімі біздің сезімімізде өзінің ізін қалдырады. Поэзия сұлулық пен әсемдіктің алғашқы бейнесін жасайды. Абай қалдырған әдеби мұра терең мағыналы ізгі ойларға толы, шебер тілмен өрнектелген көркем туынды. Абайдың көп қырлы шығармашылығы, адами болмысы алаш тұлғалары еңбектерінде, М.Әуезовтің еңбегінде ғылыми және шығармашылық тұрғыда зерттелді. М.Әуезов Абайдың поэтикалық мектебі туралы ғылыми идея көтерді, сол арқылы ақынның дүниетанымы, әдісі мен стилі зерттеліп, оның ақын шәкірттерінде жалғасын тапқан дәстүрі қоса айқындалды [1].

Абай Құнанбаевтың шығармалары алғаш рет 1909 жылы Петерборда жарық көрсе, 1933 жылы Абайдың тұңғыш толық жинағы жарық көрген. Одан кейінгі жарық көрген жинақтарға М.Әуезовтің басшылығымен текстологиялық өзгерістер енгізіліп, ақын өлеңдерінің мәтінін қайта қарап, көп түзетулер енгізген. 1976 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан ақынның өлеңдер жинағы да өзіне дейінгі жинақтардың дәстүрін жалғастырды. Абай өлеңдерінің ішінде идеясы жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылары көп. Ақынның «Сегіз аяқ», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Желсіз түнде жарық ай», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» секілді өлеңдерінің әрбіреуі тың дүние, шығармашылық жаңалық.

Абай өзінің кіршіксіз жүрегін тебіrentкен сансыз ойларын тамаша шығармалары арқылы маржандай төкті.

Өлді деуге бола ма, айтындаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,- деген Абай қазіргі таңда да өзінің жарқын бейнесімен, пайымы терең өлеңдерімен бізбен бірге біте қайнасып келеді [2, 89]. Ұлы ақынның мұралары туған халқы үшін сан рет басылып, жарық көрсе де сарқылмайды.

Зерттеуші М.Әуезов: «Абай поэзиясы – өзі айтқандай кең байтақ өмір базары. «Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар, сомалап, ақшасына сонан алар», - дегендей Абай мұрасын оқушылар өз мұқтажын осы қазынадан таба бермек», - деп түйіндейді [1, 9].

Өнер алды – қызыл тіл. Адамдар бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайды. Сол тілдің негізгі байлығы - сөз, ал сөз байлығы ұшан теңіз мұхит, міне сол мұхиттың түбінде маржандай жарқырап асыл дүние – поэзия. Поэзия – өнердің ерекше түрі. Ол адамның ойы мен сезімін біріктіреді. Ақынның терең, дербес ой-сезімі біздің сезімімізде өзінің ізін қалдырады. Поэзия сұлулық пен әсемдіктің алғашқы бейнесін жасайды. Абай қалдырған әдеби мұра терең мағыналы ізгі ойларға толы, шебер тілмен өрнектелген көркем туынды. Әр халықтың елдік сипаты, жарқын қасиеттері ең алдымен сол халықтың әдебиетінде тереңінен көрінеді. Әдебиеттің негізі поэзия десек, поэзия – адам баласының мәдениетін дамытудағы ең қуатты, күдіретті құралдардың бірі.

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы [2, 102],- деп

Абай өлеңге көркемдіктің шартын қойып, эстетикалық тұрғыда жаңа норма ұсынған. Адамзат баласы айтып келген сөздің асылы – өлең, поэзия екенін биік бағалап, оны төмендететін кемшіліктерді де айтады. Мұнда Абай тек поэзияны ғана емес, жалпы сөз өнерін, көркем әдебиетті айтып отыр. «Сөз сарасы» деу арқылы ол поэзиядағы айқындықты бәрінен жоғары қоятындығын көрсетеді.

Өлеңге әркімнің – ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар тандамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы? [2, 102] – деп, ақындықтың арзанға түспейтінін ескертеді. Ақынның да ақыны бар, іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын ердің ері, дананың данасы, ақынның ақыны табатынын жеткізеді.

Абай үшін поэзия – ой-қиялдың қанаты. Поэзияны ақын: «Бұл өлең – оқитұғын дұғам менің», - дейді. Онсыз тіршіліктің сәні жоқ болады. Өлең дегенде Абай жүрегі елжіреп, тебіренеді:

Өзгеге көңілім тоярсың,

Өлеңді қайтіп қоярсың?

Оны айтқанда толғанып,

Іштегі дертті жоярсың [2, 126]

Абайдың досы да, сырласы да осы қазақтың қара өлеңі болды. Сол себепті де, өлең мен Абайды егіз ұғым ретінде қараймыз. Қазақ өлеңі Абайды туғызды, Абай қазақтың өлеңін туғызды.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең [2, 128], - дегендей, Абай өлеңмен бірге туды, бірге жер қойнына кірді. Оның өзі өлсе де, артындағы мол мұрасы – өлеңі ешқашан өлмек емес. Керісінше, уақыт өткен сайын жаңарып, жаңа мәнге ие болып отырады. Бұл – Абайдың ақындық рухының ұлылығы.

Осы ретте әдебиет зерттеушісі Ә.Жиреншин Абайдың поэзиялық мұрасын, ақындығын көрсететін төрт сипатты ерекше атайды:

«Бірінші – тіл шеберлігі, сөз көркемдігі, бұл екеуі бірін-бірі толықтырып, септесіп жатады; Екінші – ақын ойының тереңдігі, аз сөзге көп мағына, философиялық мән беруі; Үшінші – поэзияның адам өмірі, қоғам тұрмысы, әлеуметтің тілегінен туып отыруы; Төртінші – поэзияның сыртқы көркемдігінің де, ішкі мазмұнының да үйлесіп «іші алтын, сырты күміс» болуы – форма мен мазмұнның тұтастығы.

Абайда осы төртеуі де толық кездеседі. Сондықтан да Абай төрт құбыласы сай ақын. Поэзиялық шабытта оның ұлылығы осы белгілермен қорланып, дамып отырады» [3, 216].

Абай қазақтың өзіне дейінгі және өзімен тұстас өлең сөзіне қатаң талап қойып, кей сәттерін сынап па отырған. Ол көркем шығарманың шын шабыттан, шын тебіреністен тууын шарт етіп қояды. Өйткені, сондай шығарма ғана оқырман жүрегіне жетіп, оның рухани жағынан жаңғыруына үлесін қосады. Абай көркем сөздің, поэзияның қуат-күшін аса жоғары бағалаған. Оның айтуынша, шын шамырқанған, толассыз ізденіп, қисынын тапқан адам қандай қиын құбылысты да суреттей алады. Абайша айтсақ: «қандай тағыны да жетіп қайыра алады». Абай поэтикасы - қазақ өлеңінің бұрынғы көркемдік дүниесінің синтезі ғана емес, жаңа кезеңнің, классикалық жазба әдебиеттің бастамасы, кейінге жол салған үлгісі.

Абай поэзияны тудырушы ақынның идеалдық тұлғасын биік адамгершілік және жоғары эстетикалық қасиеттердің иесі және сол өнегені адам жүрегіне ұялата білетін тәлімгер-тәрбиеші ретінде бейнеледі. Ол өзінің ақындық мақсатын былайша жеткізеді:

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ. [2, 48]

Абай өмір жолын тануды білімге, ғылымға негіздеу керек дейтін қағиданы ұстанады:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей, сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз... [2, 51].

Абайдың білімге, ғылымға шақырған өлеңдері - өз алдына бір сала. Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі – міне, осындай асыл қасиеттерді ақыл-өсиет түрінде жеткізу - Абайдың бүкіл шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық жүйесі. Абайдың өлеңдеріндегі осы жүйе бүгінгі тәуелсіз еліміздің, оның Мәңгілік құндылықтарды дәріптеген бағытымен өзектес.

Мәңгілік Ел идеясы – қазақ әдебиетінің қай кезеңінде де өрістеп отырған. Сонау фольклор мұраларынан бүгінгі сөз өнеріне дейін жалғасқан бұл ұғым үнемі кемелдене түскен. Осы қастерлі ұғым мәңгілік ел, азаттық пен халық тағдырын кемел қозғаған тұлға – Абай шығармашылығы арқылы да кең көрініс берді.

Абай ақын ғана емес, ұстаз да. Ұлы ойшыл өлең ғана шығарып, халқын сөз құдіретінің қадір-қасиетін түсінуге ғана емес, әрбір сөздің мәніне үңіліп, оның ар жағындағы ойды тануға, түсінуге жетелейді. Әрі қалай түсініп, қалай қабылдау керектігін анықтап береді. Ендеше, Абайдың өлеңдерінің әрқайсысы ойға, ойлануға жетелейді.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын білуге,
Көкірегінде болсын көз [2, 71].

Ақын білімді айтқан сөздің көпке емес, талаптыға кездесуін қалап тұр. Себебі, көпке айтқан сөздің «жартасқа айтқан жаңғырық» сияқты өзіне қайтып келетінін біледі ақын. Ал, ойшылға керегі сол сөзді талапты адамның ұғып, түсініп, әрі қарай жалғап әкетуі, одан бір нәтиже шығаруы. Ақынның «көкіректегі көз» деп отырғаны – ой. Яғни жақсы, ұғымды сөзді тыңдап қана қоймай, оны көкірекке мықтап түйіп, бекітіп, ойға салу, түсіну. Ой – адамның рухани серігі.

Қазақ көркем сөздің қадірін түсініп, оны орынды қолдана білген. А.Байтұрсынов енгізген «көркем сөз» термині заман халін, әлеуметтік жағдайды, халық шындығын бүкпесіз, анық көрсетуге бағытталады [4]. Ұлы ақын Абай да көркем сөздің қадірін терең ұғып, сол арқылы замана көрінісін айқын көрсеткен. Бұған дәлел ретінде оның өлеңдерін келтіруге болады.

Абай поэзиясында «сөз» ұғымы мына өлеңдерде жиі кездеседі: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Ғылым таппай мақтанба», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Болыс болдым мінекей», «Сегіз аяқ».

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде 5 рет кездеседі. Онда сөзді ұғу, рас сөз, сөзінен сырдаң тарту, өзіне сөз келтіру секілді сөздермен тіркесіп қолданылған.

Мұңдасарлық кісі жоқ, *сөзді* ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?

Наданға арам – ақылды құлаққа ілмек,
Бұл *сөзден* ертегіні тез үйренбек.

Рас *сөздің* кім білер қасиетін,
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.

Ақсақалдың, әкенің, білімдінің,
Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.

Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор боп, өзіне *сөз* келтірмек.

Ақындағы сөз ұғымы қолданған сайын түрлене, мағынасы кемелдене түседі. Әр қолданған сайын ақынның заманына, ортасына деген көзқарасы, эмоциясы ашылып отырады. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде «сөз» ұғымы 8 рет кездеседі. Онда сөз мәнісін білу, әрбір сөзді абайлау, бір сөзімен тұру, сөзге сынық келу, сөзін тосу, артыңнан сөз айтып күлмеу, сөзі абыройлы қалжыңмен келу, сөз айту секілді тіркестермен қолданылған. Сол арқылы ақын сөз қадірін тереңдетіп, тыңдаушыға ғибрат етеді. Бұл Абайдың өмірден түйген, көп оқып-ізденгенінен туған байламдары.

Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір *сөзді* өз халынша.

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Бір *сөзімен* тұрса екен, жанса-күйсе.

Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа пысық келеді, *сөзге* сынық.

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле *сөзің* тосып.

Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз *сөз* айтып күлмес.

Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсін *сөзі*.
Сен оған мойын бұрып *сөз* айтқанда,
Қатынында болмасын оның көзі.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде сөз ұғымы 12 рет кездеседі. Олар білгендердің сөзіне еру, шын сөзбенен өлу, сөзге еру, сөзін білу, сөз мәнісін білу, көптің сөзі, жақынның сөзі, сөзге ермеу, сөзіне қарап кісіні алу, кісіге қарап сөз алмау, шын сөз, сөзді оқу және ойлау секілді тіркестермен берілген.

Білгендердің *сөзіне*
Махаббатпен ерсеңіз.
Мұны жазған кісінің
Атын білме, *сөзін* біл!

Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.

Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің *сөзі* пұл.
Жақынның *сөзі* тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз *сөзге* ерме.

Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап *сөз* алма.

Абайдың сөз өнеріне басымдық беруі бірқатар өлеңдеріне тән. Себебі ақын заманының келеңсіз құбылыстарымен сөз арқылы күресті. Айналасына, жас буынға айтатын сөзінің салмағы мен мәнінің тереңдігі «сөз» ұғымын мейлінше айқындап, қайталай қолдану үстінде айқындала түседі.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде сөз ұғымы 14 рет кездеседі. Онда *сөздің патшасы, сөз сарасы, бөтен сөз, сөз арасы, сөз танымас, сөздің басы, қисынымен қызықты сөз, бір сөзін бір сөзіне қиыстырар, сөз жақсысы, сөз қосарлау, сөз қадірі, сөз түзелді, сөз тыңдау, сөзге ынтасыз* деген тіркестермен кездеседі. Ақынның сөз өнерінің қасиетін кемеліне келтіре жырлауына осы – «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі дәлел. Абай өлеңнің барша сөз атаулыдан асқақтығын («өлең – сөздің патшасы») айту арқылы оның ел ішіндегі бірлік-берекеге, шешендікке, даналыққа, парасаттылыққа шақыратын пайдасын да жеткізеді.

Өлең - *сөздің* патшасы, *сөз* сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Бөтен *сөзбен* былғанса *сөз* арасы,
Ол - ақынның білімсіз бишарасы.

Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,

Бұл жұрттың *сөз* танымас бір парасы.

Әуелі хаят, хәдис – *сөздің* басы,
Қосарлы бәйітмысал келді арасы.

Қисынымен қызықты болмаса *сөз*,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Бір *сөзін* бір *сөзіне* қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Іші алтын, сырты күміс *сөз* жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген *сөз* қадірін жұртты шарлап.

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап.

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» өлеңінде *сөз* ұғымы 11 рет кездеседі. Онда *әр сөздің ұнасымы, сөз қосу, сөзі тәтті, мағынасы түзу келу, сөзді ұқпау, сөзді ұғу, жақсы сөз, жақсы өлең сөз, сөз танырлық кісі, сөз айтып мазақ болмау, түгел сөзді тыңдау, сөз таныр кісі* секілді тіркестермен берілген.

Өлең деген - *әр сөздің* ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.

Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?

Қарны тоқ қас надан ұқпас *сөзді*,
Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді.

Қадірін жақсы *сөздің* білер жанға
Таппай айтпа оған да айтар кезді.

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең *сөз* айтқаннан?

Көп топта *сөз* танырлық кісі де аз-ақ,
Ондай жерде *сөз* айтып болма мазақ.

«Болыс болдым мінекей» өлеңінде *сөз* ұғымы 7 рет кездеседі. Онда *сөз* ұғымы *сөз айту, әлсіздің сөзін салғыртсыну, күпілдеп сөз айту, сенімді сөз, сөз көбейді, бәрі сөз боп терілді, сөзді ойлау* секілді тіркестермен берілген. Яғни, ақыл-парасат – адамға мінез, білім, кісілік арқылы келеді [2].

Күштілерім *сөз* айтса,
Бас изеймін шыбындап.

Әлсіздің *сөзін* салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.

Қайраттанып халқыма
Сөз айтып жүрмін күпілдеп.

Мақтанамын кісімсіп,
Оязға *сөзім* сенімді.

Үлкен-кіші ақының
Бәрі *сөз* боп терілді.

Ақыл айтар туғандар,
Бұл *сөзімді* ойлаңдар.

«Сегіз аяқ» өлеңінде *сөз айтпау, еш сөзге мейірленбеу, сөзді ойлану, сөзуар, сөзді ұғу, сыбыр боп сөзі, сөзді ұғар елім жоқ* секілді тіркестермен берілген. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің мәні әр тармақта дербес ойдың шоғырының болуы. Мәселен, «Бойда қайрат, ойда көз, болмаған соң, айтпа *сөз*»; «Аулаққа шықпай, сыбырлап бұқпай, мейірленбес еш *сөзге*»; «Ұятың, арың оянсын, бұл *сөзімді* ойлансын». Абай әр үш тармақ сайын бір ойды түйіп отырады. Мысалы:

Сөзуар білгіш,
Законшік, көргіш,
Атанбақ – мақсұт, мақтанбақ.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып *сөзді* кім ұқсын.

Ақын айналасындағы оғаш құбылыстарды түзеу үшін «сөзді» жұмсайды. Алайда, оның қадір-қасиетін ұғатын пенде аз. Сондықтан да ақын сөзге құлақ қоятын адамның жоғына бір жағынан налып, бір жағынан ыза болады. Осындай «*Сыбыр боп сөзі, маз болып өзі, ойланар елдің сиқы жоқ*» қалпынан түңілген Абай оқшау қалады:

<i>Сөзімді</i>	ұғар	елім	жоқ.
Моласындай			бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным.			

Абай Сөз қуаты арқылы бүкіл қоғамға, заманға қатысты ойларын толық жеткізеді. Яғни, ой, толғаныс, қарсылық, ыза, кек, әжуа, күрес, қарама-қайшылық, ақыл, өсиет, қорытынды – осының бәрін Абай сөз құдіреті арқылы ашады. Әрі ақын айтқан әр сөздің дәлелі бар, осы арқылы мәтіннің болмысы ашылып тұр. Ойшыл ақын сөзді, мәтінді барлық қырынан қолдана алған. Яғни айтатын ойдың ашықтығы немесе емеурінді, меңзеулі, салыстыра отырып, жеткізуі көрінеді. Өзінің негізгі ойын тарата беріп, бір мезгілде жинақтап, қорытындылап та отырады.

Қазақта сөзді абайлап, қастерлеп қолдану үрдісі берік. Бұл да – халқымыздың тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ұсыну арқылы сөзді, ойды қадірлеуі. Абай халық ішіне мықтап енген әр түрлі мінез-әдетті көре отырып, одан арылудың жолдарын, тәсілдерін айтады. Ол тек насихат емес, байлауы, мәні терең ой-тұжырымдар. Сол арқылы халқымыздың сөзді қасиеттеген, сөзге тоқтаған болмысын да әйгілеп отыр.

Абай ең алдымен «сөз» құндылығын жоғары деңгейге көтерді. Ал, сөз арқылы адам баласы бір-бірімен түсінісіп, қарым-қатынас жасайтын болғандықтан адамның білімі, ақылы, мінезі – бәрі сөз арқылы танылатындығын жеткізеді. Сондықтан да, Абай әр сөздің қасиетін, деңгейін үнемі бағамдап, тыңдаушысына мөлшерлеп, сатылап ұсынып отырған. Осы арқылы Абай сөздері кейде баяндау, әңгімелеу, кейде монолог, кейде диалог, полилог сипатында келеді.

Абай айтатын сөздерінің мәнін мейілінше ашып, тиянақтап, ұғымды етіп жеткізеді. Сондықтан да Абайдың қара сөздері елдің, халықтың, қоғамның, заманның жағдайын, көрінісін береді. Ақын осы сөздерін қазақ қоғамымен ғана байланыстырмайды, жалпы адамға, адамзатқа бірдей ұсынады. Абайдың даналығы - адамзатқа ортақ рухани байлық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.
3. Жиреншин Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев/ Абай. Энциклопедия. – Алматы, 1995. – 536 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

ӘОЖ 1751

ҚАЗАҚТАНУДАҒЫ ЖЫЛҚЫНЫҢ АЛАР ОРНЫ

Жігер Нұрдәулет

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, М017 Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының 2-курс магистранты, Қазақстан Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Оразбек М.С

Өткен тарихын ой елегінен өткізіп, бүгінгі жағдайды нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту өсер елдің бұлжымас қағидасы. Мәңгілік елдің баянды жарқын болашағы үшін ұлттық санамызды, болмысымызды сақтап, жастарымызды рухани бай мұрамыздың ұзынан жарыту қашанда өзекті. Ғасырға жуық үсемдік құрған Социалистік идеологияның басты мақсаты – қазақша ойлауымызға, ұлттық ойлауға барынша қарсы әрекет етті. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан рухани құндылықтар мансұқталды. Жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеру деген ұран аясында ұлттық келбетімізді танытатын нышандарымыз теріске шығарылды. Ұлттық болмысымызды паш ететін шығармалар социалистік идеологияның тегеуірініне тап болып, тұлғаларымыз саяси қуғанға ұшырады. Тек кеңестік жүйенің құрсауы сетіней бастағанда ғана ұлттық құндылықтардың там-тұмдап дәріптелуіне жол ашыла бастады. Көп жылдардың көміне көмілген рухани мұралар аршылып, тамыры суалған ұлттық болмысымызға қан жүгірді. Ұлттық болмысымыз қайта жаңғырды. Қазақша ойлап, қазақша өмір сүруге деген үлкен талпыныстар басталды. Еліміздің руханият өкілдері аянбай тер төкті. Еңбектің өтеуі ақталып, өз жемісін берді. Қазақша ойлау, ұлттық ойлау, өмірге қазақ болып қарап, дүниені қазақ болып қабылдау дәуірінің негізі басталды.

Бодандықтың түндігі түріліп, бостандықтың таңы атысымен рухани құндылықтарымыздың бастауларымен қайта табыстық. Еңсеміз көтеріліп, кеудемізді тіктедік. Қолымыз жеткен сол рухани құндылықтарымыздың бірегейі жылқы мәдениеті деп айтуымызға әбден болады. Өзіміз ат десе жар құлағымыз жастыққа тимей елеңдейтін қазақ болғанымызбен мәдениетіміздегі алар орнын әлі лайықтап бере алдық дей алмаймыз. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан кейін ғана зиялылардың жылқыға деген ерекше ықыласы ауа бастады. Әсіресе, Елбасының «Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды» сөзі ерекше әсер етті.

Бүгінде ғылым мен техниканың дәуірі ғарыштап дамып жатқанына қарамастан, жылқының маңызы тап бұрынғыдай өзекті болмаса да, жылқы десе елең қағып, делебеміздің қозатыны